

**"Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен күштеп әкелу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 105 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 434 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде 2022 жылғы 8 желтоқсанда № 31022 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен күштеп әкелу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 105 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13812 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 790-бабы екінші бөлігіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен күштеп әкелу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Шақыру туралы тиісті түрде хабарланған адамның келмеуінің дәлелді себептері болып танылады: "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттерін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) және "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) бұйрықтарына (бұдан әрі – Бұйрықтар) сәйкес медициналық құжаттармен куәландырылған адамның келуіне мүмкіндік бермейтін ауру, жақын туыстарының қазасы және адамды белгіленген мерзімде келу мүмкіндігінен айырған төтенше жағдайлар.";

қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Нормашығармашылық және халықаралық ынтымақтастық департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы қызмет) Төрағасы

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл агенттігінің  
(Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы қызмет) Төрағасы  
2022 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 434 бұйрығына  
қосымша  
Әкімшілік құқық бұзушылық  
істері бойынша сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы қызметпен  
күштеп әкелу қағидаларына  
қосымша  
Нысан

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен әкімшілік іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаны не заңды тұлғаның өкілін күштеп әкелу туралы ҰЙҒАРЫМ**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тураның,  
(қаланың, ауданның атауы)

\_\_\_\_\_ тураның,  
(лауазымы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бөлімшесінің атауы)

\_\_\_\_\_ тураның,  
ұйғарымды шығарған лауазымды тұлғаның арнаулы атағы (бар болған жағдайда), тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ тураның,  
(әкімшілік құқық бұзушылықтың қысқаша мазмұны)

\_\_\_\_\_ тураның,  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ әкімшілік іс материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

\_\_\_\_\_ (келуден жалтарып жүрген адамды күштеп әкелудің себептері мен мақсаты)

\_\_\_\_\_ Жоғарыдағылардың негізінде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексі 790-бабының екінші бөлігін басшылыққа ала отырып,

**ҰЙҒАРДЫМ:**

1. \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның тұратын (тұрғылықты) орны, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша мекенжайы)

\_\_\_\_\_ тұратын

(жұмыс істейтін)

\_\_\_\_\_ (күштеп әкелуге жататын тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы, заңды мекенжайы)

\_\_\_\_\_ ғимаратына

№ \_\_\_\_\_ кабинетке жергілікті уақыт бойынша \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минутта күштеп әкелу қамтамасыз етілсін.

2. Ұйғарымды орындау \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бөлімшесінің атауы)

\_\_\_\_\_ тапсырылсын.

3. Ұйғарымды шығарған лауазымды тұлға орындалу нәтижесі туралы хабарлансын.

4. Ұйғарымға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағымдануға болады.

\_\_\_\_\_ (Ұйғарым шығарған тұлғаның лауазымы, (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), арнаулы атағы (бар болған жағдайда))

Мөр орны

Ұйғарыммен таныстым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ күштеп әкелуге жататын тұлғаның (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), танысу уақыты және күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК